



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2018 жылғы 3 сәуір

Д. Ақышев – Жылдық инфляция деңгейі 2018 жылғы 5-7% нысаналы дәлізде

Ұлттық экономика министрлігінің деректері бойынша инфляция ағымдағы жылғы алғашқы үш айда 1,8% болды (2017 жылғы 1-тоқсанда - 2,3%). Жылдық инфляция өткен жылдың соңындағы 7,1%-бен салыстырғанда наурызда 6,6%-ға дейін баяулады.

Бұл туралы Ұлттық Банк Төрағасы Данияр Ақышев Үкімет отырысында айтып берді.

Ол инфляцияның ең құбылмалы құрауышы ретінде азық-түлік тауарларына бағалардың көрсеткіші төмен – өткен жылғы 1-тоқсандағы 3,2%-бен салыстырғанда биыл 1-тоқсанда 2,2%-ға өскенін атап өтті. Азық-түлікке жатпайтын тауарлар да бағаның төмен серпінін көрсетуде, 1,7%-бен салыстырғанда 1,3%, бұл көп жағдайда теңгенің айырбастау бағамының тұрақты болуымен түсіндіріледі. Көрсетілетін қызметтер тарифтерінің өсуі өткен жылғы деңгейде қалды - 1,7%.

Д. Ақышев баяулаудың негізгі факторлары сыртқы инфляциялық аяның, яғни инфляция импортының әлсіреуі болды. Ресей, Қытай, Еуропа одағы сияқты сауда әріптес елдерде инфляция төмен болып қалатынын, әлемдік азық-түлік нарықтарындағы жағдай басым позиция бойынша бағаның төмендеуін көрсетіп отырғанын; 2016-2017 жылдары халықтың нақты жалақысы мен кірістері өзгеруінің теріс қарқынына байланысты қалыпты тұтынушылық белсенділіктің байқалып отырғанын айтып берді.

Қаржы реттеушісінің басшысы өзінің баяндамасында жылдық инфляция деңгейі 2018 жылғы нысаналы дәліз 5-7% деңгейінде екендігін атап өтті. 2019 жылға арналған бағалар да инфляцияның баяулауын көрсетіп отыр. Бұл оны барынша төмен 4-6% дәлізде ұстап тұруға мүмкіндік береді. Инфляция бойынша орта мерзімді бағдар төмен деңгей, бірақ 2020 жылдың соңында және кейінгі жылдары 4%-ға жуық болып табылады.

«Халықтың инфляциялық күтулерінің төмендеуі байқалады, нақты және болашақ инфляцияны қабылдау жақсарып келеді. Халыққа жүргізілген пікіртерім қорытындысы бойынша 2018 жылғы ақпанда бір жыл бұрын күтілетін инфляцияны бағалау 2017 жылғы қарашадағы ең жоғары 7,7% мәнінен 6%-ға дейін төмендеді», - деді Д. Ақышев.

Ұлттық Банк Төрағасы сондай-ақ ақша-кредит саясаты шеңберінде Ұлттық Банктің базалық мөлшерлеме арқылы ақша құнын реттеуді жалғастыратынын айтып берді. Д. Ақышев жыл басынан бастап ол екі рет 10,25%-дан 9,5%-ға дейін төмендегенін атап өтті. Қазіргі уақытта ақша-кредит талаптары бейтарап ретінде сипатталады.

«Инфляция бойынша мақсаттарға қол жеткізбеуге әкелуі мүмкін тәуекелдердің ішінен тауарлар мен қызметтердің жекелеген нарықтарындағы ұсыныс күйзелісін; халықтың инфляциялық күтулерінің күйзелістеріне қарай күшеюін; бюджеттік ресурстар, қарыз ресурстары немесе ішкі өндірісті дамытпастан импорттық түсімдердің өсуіне әкелетін кредиттеудің есебінен тұтынуды ынталандыруды атап өтуге болады», - деп қорытындылады қаржы реттеушісінің басшысы.

Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мына телефон арқылы алуына болады:

+7 (727) 270 45 85

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz